

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 1233 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық аймақтарды құрудың, жұмыс істеуі мен таратудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі - арнайы экономикалық аймақтың аумағында жұмыс істейтін уәкілеттік органның аумақтық бөлімшесі;
- 2) инфрақұрылымдық ресурстар - арнайы экономикалық аймақтың барлық қатысушыларының жылу және электр энергиясына, сумен қамтамасыз етуге, арна жүргізуге, көлік коммуникацияларына, байланыс қызметтеріне және кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қызметтің өзге де түрлеріне қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ғимараттардың кешені;
- 3) оператор компания - арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын тартуды, оларды инфрақұрылымдық ресурстармен және қызметтің басымды түрлерін жүзеге асыруы үшін өзге де жағдайларды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын конкурс бойынша басқарушы компания айқындайтын заңды тұлға;
- 4) басқарушы компания - Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын арнайы экономикалық аймақтарды басқарудың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында айқындалатын, жалғыз құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын заңды тұлға;
- 5) арнайы экономикалық аймақ - кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасалатын және арнайы құқықтық режим қолданылатын, дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасының шектеулі аумағы;
- 6) қызметтің басым түрлері - арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық

режимі таралатын қызмет түрі;

7) қызметті жүргізу туралы келісім - арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін және заңнамада көзделген жеңілдіктер мен преференцияларды алу үшін міндетті болып табылатын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы мен арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі арасында жасалатын шарт;

8) уәкілетті орган - арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы - арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметтің басымды түрлерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2-бап. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда бар ережелерден өзге ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың мақсаттары

Арнайы экономикалық аймақтар экономиканың салаларын дамыту және қолдау, өңірлерді жедел дамыту мен әлеуметтік проблемаларды шешу, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін арттыру, инвестицияларды, технологияларды және қазіргі заманғы менеджментті тарту тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті өндірістерді құру мақсатында құрылады.

4-бап. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың және жұмыс істеуінің шарттары

1. Арнайы экономикалық аймақтар мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерінде құрылуы мүмкін. Арнайы экономикалық аймақтарды құру үшін қажетті бос жер учаскелері болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес мемлекеттік мұқтаждық үшін жер учаскесінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан алып қойылуы мүмкін. Жер учаскелері құрылысы республикалық бюджеттік қаражаттың, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылатын жеткілікті инфрақұрылымдық ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

2. Арнайы экономикалық аймақтар 25 жыл мерзімге дейін құрылады.

3. Арнайы экономикалық аймақ құрылған жер учаскесін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына кейіннен жалға беру үшін арнайы экономикалық аймақтың режимінің қолданылуы кезеңіне арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі жерді тұрақты қайтарусыз пайдалануға тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті

атқарушы органы береді.

4. Арнайы экономикалық аймақтың режимінің қолданылуы кезеңінде арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы жер учаскелерін сатуға және өзге де иеліктен шығаруға тыйым салынады.

5. Арнайы экономикалық аймақ режимінің қолданылуы аяқталғаннан кейін арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүргізу туралы келісім шеңберінде тұрғызылған жылжымайтын мүлік объектісінің иесі заңнамада белгіленген тәртіппен оның кадастрлық құны бойынша тиісті жер учаскесін басымды сатып алу құқығына ие болады.

6. Арнайы экономикалық аймақ режимінің қолданылуы аяқталғаннан кейін 1 жыл ішінде жеке меншікке сатып алынбаған жер учаскелерін арнайы экономикалық аймақтың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі жергілікті атқарушы органның әкімшілігіне қайтарады.

5-бап. Арнайы экономикалық аймақты құру тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақтар құру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды. Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы экономикалық аймақ құру туралы Жарлығымен бекітілетін арнайы экономикалық аймақ туралы ереже қызметтің басым түрлерінің тізбесін айқындайды.

2. Арнайы экономикалық аймақ құру туралы ұсынысты уәкілетті орган немесе басқарушы компания Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз бастамасы бойынша уәкілетті органмен келісім бойынша, сондай-ақ жергілікті және орталық атқарушы органдар өтінімдерінің негізінде енгізуі мүмкін.

3. Арнайы экономикалық аймақ құру туралы ұсынысты қарау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне: қоршаған ортаны бағалаумен аймақты ұйымдастырудың тұжырымдамасы, экономикалық негіздемесі және арнайы экономикалық аймақ туралы ереженің жобасы ұсынылады. Қоршаған ортаны бағалаумен аймақты ұйымдастыру тұжырымдамасының, экономикалық негіздемесінің үлгілік нысаны және арнайы экономикалық аймақ туралы ережені ұлттық басқарушы компания әзірлейді және уәкілетті орган бекітеді.

4. Уәкілетті орган мынадай жағдайда жергілікті және орталық атқарушы органдардың өтінімдерінен бас тартады:

1) ұлттық басқарушы компаниялардың қорытындысы негізінде арнайы экономикалық аймақты ұйымдастырудың экономикалық тиімсіздігі;

2) арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныстың мемлекеттік экономикалық саясат басымдықтарына сәйкес еместігі;

3) ұсынылған материалдардың толық еместігі және сенімді еместігі;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға ұсыныстардың сәйкес еместігі.

6-бап. Арнайы экономикалық аймақты тарату

1. Арнайы экономикалық аймақ ол құрылған мерзім аяқталған соң таратылады. Тарату мерзімдері мен тәртібін арнайы экономикалық аймақ туралы ереже айқындайды.

2. Арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда оны Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша мерзімінен бұрын таратуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық басқарушы компанияның қорытындысына негізделген уәкілетті органның ұсынысы бойынша арнайы экономикалық аймақты мерзімінен бұрын тарату туралы ұсыным енгізеді. Арнайы экономикалық аймақты тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігі арнайы экономикалық аймақты тарату рәсімдерін аяқтау үшін бір жыл ішінде жұмыс істейді.

7-бап. Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимі

1. Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимі арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына таралады және осы заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен белгіленеді.

2. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында берілетін салықтық және кедендік сипаттағы жеңілдіктер мен преференциялар Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасымен белгіленеді.

2-тарау. Арнайы экономикалық аймақты басқару

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақтарды басқару саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақтарды басқару саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) арнайы экономикалық аймақтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) басқарушы компанияны айқындау;

3) Қазақстан Республикасы Президентіне арнайы экономикалық аймақтарды құру және мерзімінен бұрын тарату туралы ұсыныстар енгізу.

9-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Арнайы экономикалық аймақтарды басқару саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) арнайы экономикалық аймақтарды құру және жұмыс істеуі саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

3) басқарушы компаниялардың және арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі мәселелері жөніндегі арнайы экономикалық аймақтар әкімшіліктерінің қызметтеріне бақылауды жүзеге асыру;

4) басқарушы компанияның арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастыру немесе тарату, арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастыруға арналған өтінімдерді кейінге қалдыру жөніндегі, компанияларды тарту қажеттілігі туралы ұсыныстарын к е л і с у ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақтарды құру не мерзімінен бұрын тарату туралы ұсыныстар енгізу;

6) оператор-компанияны айқындау жөніндегі конкурсты өткізу ережесін әзірлеу ж ә н е б е к і т у ;

7) арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды жіберу ережесін әзірлеу және бекіту;

8) басқарушы компания ұсынған арнайы экономикалық аймақтардың қызметін реттейтін құжаттарды бекіту: арнайы экономикалық аймақтар құруға арналған өтінім нысаны, қоршаған ортаға бағалаумен тұжырымдаманың үлгілік нысаны, аймақты ұйымдастырудың экономикалық негіздемесі және арнайы экономикалық аймақ туралы ереже, басқарушы-компаниялар мен оператор компаниялар арасындағы үлгілік шарттар, арнайы экономикалық қатысушылардың қызметті жүргізу тәртібін және оның қолданылуын тоқтату салдарларын реттейтін арнайы экономикалық аймақтың және оператор компаниялардың арасындағы үлгілік шарттар;

9) арнайы экономикалық аймақтар аумағында жер учаскелерін пайдалану үшін жалға алу төлемінің есеп айырысу тәртібін келісу;

10) арнайы экономикалық аймақтың әкімшілік жетекшісін тағайындау.

10-бап. Басқарушы компанияның арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы құзыреті

Басқарушы компанияның арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) мемлекеттік органдармен арнайы экономикалық аймақтар құру және жұмыс істеуі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

2) арнайы экономикалық аймақтардың қызметін реттейтін құжаттардың н ы с а н д а р ы н ә з і р л е у :

арнайы экономикалық аймақтар құруға өтінім нысаны; қоршаған ортаға бағалаумен тұжырымдаманың үлгілік нысаны, аймақты ұйымдастырудың экономикалық негіздемесі және арнайы экономикалық аймақ туралы е р е ж е ;

басқарушы компаниялар мен оператор компаниялар арасындағы үлгілік шарттар, арнайы экономикалық қатысушылардың қызметті жүргізу тәртібін және оның қолданылуын тоқтату салдарларын реттейтін арнайы экономикалық аймақтың және оператор компаниялардың арасындағы үлгілік шарттар;

3) уәкілетті органмен оператор компанияны тарту қажеттілігі туралы шешімді к е л і с у ;

4) арнайы экономикалық аймақтардың оператор компанияларын айқындау;
5) арнайы экономикалық аймақтар құрудың экономикалық мақсатқа сайлығы туралы қорытынды беру;

6) оператор компаниялармен шарттарға (оның ішінде мерзімінен бұрын) қол қою және бұзу;

7) оператор компаниялардың шарттық міндеттемелерін сақтаудың мониторингін жүзеге асыру;

8) арнайы экономикалық аймақтар құру мен дамытудың тиімділігін арттыру мақсатында қызметтер көрсету үшін үшінші тұлғаларды тарту.

11-бап. Арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің құзыреті

Арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) мемлекеттік органдармен арнайы экономикалық аймақтар құру және жұмыс істеуі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

2) арнайы экономикалық аймаққа қатысушыларға арнайы экономикалық аймақтар құрылатын жер учаскелерін жалға беру;

3) мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органмен есеп, жер заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтар аумағында жер учаскелерін пайдалану үшін төлем сомасы;

4) компания оператордың ұсынысы бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру туралы шешім қабылдау;

5) арнайы экономикалық аймаққа қатысушылармен қызметті жүргізу туралы келісімге қол қою;

6) арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың тізімдемесін жүргізу;

7) арнайы экономикалық аймақтарға қатысушылармен қызметті жүргізу туралы келісімді орындау бойынша тексерулер жүргізу.

12-бап. Оператор компаниялардың құзыреті

Арнайы экономикалық аймақтардың қызметін қамтамасыз ету саласындағы оператор компаниялардың құзыретіне мыналар жатады:

1) арнайы экономикалық аймақтардың қызметіне қатысу үшін арнайы экономикалық аймаққа әлеуетті қатысушыларды тарту жөніндегі жұмыс және олардан өтінімдерді қабылдау;

2) арнайы экономикалық аймақтың әкімшілігіне арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы қызметке жеке және заңды тұлғаларға рұқсат беру, олармен қызметті жүргізу туралы келісім жасасу мен бұзу жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жедел жүргізу, арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру

үшін қажетті рұқсат беретін құжаттарды алу мақсатында мемлекеттік органдармен қатысты арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мүдделерін таныту;

4) арнайы экономикалық аймақ инфрақұрылымдық ресурстарын салу және кейіннен оған пайдаланушылық қызмет көрсету, арнайы экономикалық аймақ қатысушыларына қызметтер көрсету;

5) арнайы экономикалық аймақтарға қатысушылармен, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы қызметті жүзеге асыруға рұқсат берілген өзге жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу және бұзу;

6) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасына қайшы келмейтін өзге шаруашылық қызметті жүргізу.

13-бап. Уәкілетті органның және арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Уәкілетті орган мемлекеттік органдардан өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат сұрауға құқылы.

2. Уәкілетті орган және арнайы экономикалық аймақ әкімшілігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте арнайы экономикалық аймақтардың қызметі туралы ақпарат береді.

3. Мемлекеттік органдардың уәкілетті органға қатысты өзге өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

14-бап. Арнайы экономикалық аймақтарға қатысушылар құқықтарының кепілдіктері

Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимін, оның аумағы шекарасын өзгертуді қоса, мерзімінен бұрын тарату немесе өзгерту жағдайында арнайы экономикалық аймаққа қатысушыларға арнайы экономикалық аймақ құрылатын, бірақ он жылдан аспайтын мерзімнің аяқталуына дейін оның аумағында қызметті жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын жіберу туралы шешім қабылдау сәтіне сәйкес келетін жағдайларда осындай қызметті жалғастыру құқығына кепілдік беріледі. Мерзімі арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимі жойылған немесе өзгертілген күннен бастап есептеледі.

15-бап. Осы заңның әрекетін бұрын құрылған арнайы экономикалық аймақтарға тарату

Осы Заң күшіне енгенге дейін құрылған арнайы экономикалық аймақтар осы Заңға сәйкес тарату туралы шешім қабылданғанға дейін өз мәртебесін сақтайды.

16-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы Заңының (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат; N 14, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 6, 191-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат; 2003 ж., N 23, 169-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК